

Құрметті Олжас Абайұлы!

Құрметті әріптестер!

2-СЛАЙД. ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК

Қараша айының қорытындысы бойынша іскерлік белсенділік индексі **50,6** тармақты құрады. Көрсеткіш 2024 жылғы наурыздан бері оң аймақта қалыптасуда. **Өндіріс** секторындағы индекс **51,8** тармақты, **қызмет көрсету** саласында **49,6** тармақты құрады.

Қараша айында бизнесті жүргізудің ағымдағы және келешектегі шарттарына берілген бағалар жақсарды. Нәтижесінде **бизнес-климат** индексі артып, **9,0** тармақты құрады.

3-СЛАЙД. ИНФЛЯЦИЯ

Қараша айында жылдық инфляция төмендеп **12,4%** деңгейінде қалыптасты.

Инфляция құрылымында **азық-түлік тауарлары** негізгі үлесті алып отыр. Олардың жылдық өсімі **13,4%** болды. Бұл жекелеген азық-түлік түрлерінің әлемдік бағасының жоғары болуы және ішкі өндірістегі шығындардың ұлғаюымен байланысты.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар инфляциясы қарашада **11,2%**, **ақылы қызметтер инфляциясы** – **12,3%**

деңгейінде қалыптасты.

Қазан-қарашада айларында жылдық инфляцияның баяулауына Үкіметтің әкімшілік шаралары аясында тұрғын үй коммуналдық қызмет тарифтерінің төмендеуі әсер етті. Сонымен қатар, тарифтерді көтеру мен жанар-жағар май нарығын ырықтандыру инфляция мен инфляциялық күтулерге жанама ықпалын тигізіп отыр. Жоғары баға қысымының сақталуы тұрақты ішкі сұраныс, фискалдық ынталандыру және жоғары инфляциялық күтулерге байланысты.

Қарашада айлық инфляция **0,8%** болды **бұл тарихи орташа мәндерден төмен.**

2025 жылғы 10 қазанда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені **18%-ке дейін** көтерді. Бұл шешім макроэкономикалық теңгерімді қалпына келтіруге және инфляцияның бақылаудан шығуына жол бермеуге бағытталды. **28 қарашада** мөлшерлеме **осы деңгейде сақталды.** Шешім инфляциялық тәуекелдер балансы, жаңартылған макроэкономикалық көрсеткіштер және болжамды раунд нәтижелері ескеріле отырып қабылданды.

Аталған қадамдар алтын-валюта операцияларын теңестіру, ең төменгі резервтік талаптарды қайта қарау және микро-, макропруденциялық шаралармен қатар іске асырылуда. Бұл инфляциялық қысымды азайтуға және теңгедегі активтердің тартымдылығын қолдауға бағытталған.

4-СЛАЙД. АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫ

Жыл басынан бері теңге бағамы бір АҚШ доллар үшін

512,57 теңгеге дейін, яғни **2,4%-ке** нығайды. Оған ішкі факторлар себеп болды.

Айырбас бағамының серпіні дезинфляциялық саясаттың жүргізілуімен байланысты. Бұл теңгедегі активтерге деген **қызығушылықты шетел инвесторлары** арасында **арттырды**. Бейрезиденттердің мемлекеттік бағалы қағаздарға салған портфельдік инвестициялары он бір айда шамамен **750 млрд теңгеге**, ал қарашада **340 млрд теңгеге** ұлғайды.

Валюта нарығына Ұлттық Банктің шетел валютасын сату операциялары да ықпал етті. Қаңтар–қарашада бюджеттік трансферттерді жүзеге асыру шеңберінде Ұлттық қордан **7,8 млрд доллар**, ал алтын сатып алуды теңестіру операциялары аясында **6,1 млрд доллар** сатылды.

Қабылданған шаралар нәтижесінде валюта нарығында теңгерім сақталды.

5-СЛАЙД. ТӨЛЕМ БАЛАНСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ШОТЫ

Ағымдағы шот тапшылығы өткен жылғы 9 айдағы (-)4 млрд АҚШ долларынан биыл (-)7,0 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайды. Бұл, негізінен, сауда балансы профицитінің қысқаруымен байланысты.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 68 млрд АҚШ долларына дейін, яғни **0,7%-ке** төмендеді. Бұған металдар мен металл рудалары, және уран экспортының азаюы әсер етті.

Импорт көлемі керісінше **57,5 млрд АҚШ долларына дейін**, яғни **5,5%-ке** өсті. Импорттық өнімдердің ішінде азық-түлік, инвестициялық және аралық тауарларды тұтыну байқалды.

Кіріс балансының тапшылығы (-)17,5 млрд АҚШ долларына дейін 2,7%-ке азайды.

Сауда профицитінің қысқаруы төлем балансына және валюта бағамына қысым көрсетіп отыр.

6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР

Жалпы халықаралық резервтер қарашаның соңында 125,7 млрд АҚШ долларын құрады, жыл басынан өсім 20,1% құрады.

Ұлттық Банктің алтын-валюта резервтері 62,1 млрд долларға дейін 35,5%-ке, ал Ұлттық қордың активтері 63,6 млрд долларға дейін 8,1%-ке ұлғайды.

Жыл басынан Ұлттық қорға 3,6 трлн теңге түсті, ал республикалық бюджетке алынған трансферттер көлемі – 4,9 трлн теңге болды.

Ұлттық қордың биылғы 11 айдағы инвестициялық кірісі 13,7%-ті, немесе 8,2 млрд долларды, яғни 4,2 трлн теңгеде эквивалентті құрады.

7-СЛАЙД. ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ

Жыл басынан бері Біріңғай жинақтаушы зейнетақы қорының активтері 25 трлн теңгеге дейін 11,7%-ке өсті.

Инвестициялық табыс көлемі 1,65 трлн теңгені құрады. Зейнетақы жарналары 2,5 трлн теңге, ал мерзімінен бұрын алынған қаражат 1 трлн теңге болды.

Құрметті Олжас Абайұлы!

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру аясында қарашада **2026 – 2028 жылдарға арналған макроэкономиканы тұрақтандыру және халықтың әлеуауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасы** бекітілді.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары – инфляцияны **тұрақтандыру және төмендету**, халық табысын жыл сайын инфляциядан **2–3 проценттік тармаққа жоғары өсімін қамтамасыз ету**.

Ұлттық Банк **дезинфляциялық саясатын** жалғастырады. **Валюта нарығының** теңгерімділігін қолдау үшін икемді бағам белгілеу саясаты жүргізіледі. Алтын сатып алуда валюталық операцияларды **теңестіру** жалғасады.

Активтерді басқару шеңберінде **Ұлттық қорда** табыстылығы жоғары активтердің үлесі ұлғайтылады. **Зейнетақы қорының** кірістілігін арттыру бойынша жұмыс жалғасады.

Назарларыңызға рақмет!